

## Көктемгі және күзгі тексеру кезінде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау сапасын бағалау жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

ҚР ЕР 218-19-2017. ҚР ИДМ автомобиль жолдары Комитетінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 180 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілді.

### Алғысөз

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолҒЗИ" АҚ) **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті  
2 Төрағасының "26" желтоқсан 2017 ж.  
№180 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

"ҚазАвтоЖол" ҰК" Акционерлік қоғамымен  
3 "25" мамыр 2017 ж. № 15/5-2-1319-И **КЕЛІСІЛДІ**

**БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2022 ж.

**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

5 "Көктемгі және күзгі зерттеулер кезінде жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын күту сапасын бағалау жөніндегі нұсқаулық" ҚР ЕР 218-19-00 ОРНЫНА

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және "InfoZhol" – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

### Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Жалпы ережелер	4
4	Автомобиль жолдарын күту сапасын бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	5
5	Дала жұмыстарын орындау әдістемесі	8
6	Жолдарды күту сапасы көрсеткіштерінің есебі	9
А қосымшасы	Жолдарды күту сапасының кешенді көрсеткішін есептеуге арналған бастапқы деректердің тізімдемесі	13

(міндетті)

Б қосымшасы (міндетті)	Қозғалысқа немесе жолдар мен құрылыстардың сақталуына қауіп төндіретін ақаулардың бар екендігі туралы анықтама	15
В қосымшасы (міндетті)	Қатты жамылғысы бар жүру бөлігі мен жер төсемесінің күйі туралы анықтама	17
Г қосымшасы (міндетті)	Жол жамылғыларының тегістігін бағалау туралы анықтама	18
Д қосымшасы (міндетті)	Автомобиль жолдарын күту сапасын тексеру актісі	19
Е қосымшасы (міндетті)	Ақаулардың далалық тізімдемесі	21
Ж қосымшасы (міндетті)	Жол қызметінің қолданыстағы объектілері туралы анықтама	27
И қосымшасы (міндетті)	Жол желілерінің жайластыру элементтері және жол жабдықтарымен қамтамасыз етілгендігі туралы анықтама	28
К қосымшасы (міндетті)	ЖКО, қозғалыстағы үзіліс және жолдарды пайдалану ережелерінің бұзылуы туралы мәліметтер	30
Л қосымшасы (міндетті)	Қозғалыстағы үзіліс және шектеу және жолдарды пайдалану ережелерінің бұзылуы туралы мәліметтер	31
М қосымшасы (міндетті)	Күрделі жөндеуді талап ететін көпірлердің, жол өтпелерінің тізімдемесі	32
Н қосымшасы (міндетті)	Жолдарды қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау туралы анықтама	33
П қосымшасы (міндетті)	"Тар орындарды" жою жоспарының орындалуы туралы анықтама	34
Р қосымшасы (міндетті)	Сапаның кешенді көрсеткішін айқындауға арналған құрылымдық элементтер мен олардың салмақтылық коэффициенттерінің тізбесі	35
С қосымшасы (міндетті)	Ақаулардың сыныптамасы және сипаттамасы	44
Т қосымшасы (міндетті)	Қозғалысқа немесе жолдар мен құрылыстардың сақталуына қауіп төндіретін ақаулардың тізбесі	46
У қосымшасы (ақпараттық)	Жол жамылғысының күйін бағалау әдістемесі (PCI)	48
	Библиография	49

## 1 Қолдану саласы

1.1 Нұсқаулық Қазақстан Республикасының жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары желісін күту сапасын бағалау үшін кешенді көрсеткіш есебін орындауға арналған.

1.2 Нұсқаулық көктемгі-күзгі зерттеулер кезінде автомобиль жолдарын күту сапасын бағалауға арналған есептеуді орындау тәртібін және әдістемесін белгілейді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы Нұсқаулықта келесі нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстарын жүргізу орындарында қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану қағидалары;

ҚР ЕР 218-03-2016 Жол жамылғылары тегістігін бағалау жөніндегі нұсқаулық;

ҚР ЕР 218-27-2014 Автомобиль жолдарының көліктік пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-29-2016 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі техникалық ережелер;

Ескертпе – нұсқаулықты қолданғанда ағымдағы жылдың 1 қаңтарының күйі бойынша әзірленген қажетті көрсеткіш бойынша сілтемелі нормативтік құжаттардың әрекет етуін тексеру қажет. Егер сілтемелі құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда нұсқаулықты қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелі құжат ауыстыруларсыз күшін жойған болса, онда бұл құжатқа сілтеме берілген ереже бұл сілтемені қозғамайтын бөлімінде қолданылады.

## **3 Жалпы ережелер**

3.1 Жолдарды күту сапасының негізгі көрсеткіші кешенді көрсеткіш болып табылады, оған автомобиль жолдары мен құрылыстарға қойылатын нормативтік талаптарға, ортақ зерттелген километражға және ондағы құрылыстарға сәйкес жол элементтерін қолдау жөніндегі барлық қажетті жұмыстар орындалған орташа үлесін білдіретін шақырым жолдар мен ондағы құрылыстар (пайызбен) жатады.

Қосымша көрсеткіштері болып табылады:

- қозғалысқа немесе жолдар мен құрылыстардың сақталуына қауіп төндіретін қауіпті ақаулары бар құрылыстар мен шақырымдардың салыстырмалы саны (пайызбен) ;

- тегістігі ҚР ЕР 218-03-2016 бекітілген нормативтік талаптарға сәйкес келетін тегіс жамылғысы бар жолдардың салыстырмалы ұзындығы (пайыздарда).

3.2 Пайдалану жағдайының кешенді көрсеткіші және қауіпті ақаулар бар құрылыстар мен шақырымдардың салыстырмалы саны жолдардың барлық құрылымдық элементтерін зерттеу нәтижелерінің негізінде есептеледі.

3.3 Зерттеу нәтижелері жолдарды пайдалану күйінің деңгейін жоспарлау және жол-жөндеу қозғалысы мен жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстар мен іс-шаралардың қауіпсіздігін арттыру бойынша жоспарлау, сондай-ақ, жол-жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындардың тиімділігін бағалау үшін жолдардың құрылымдық элементтерінің ең қауіпті ақаулары, автомобиль жолдарының жағдайын болжау туралы мәліметтерді жинақтау кезінде пайдаланылады.

## **4 Автомобиль жолдарын күту сапасын бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру**

4.1 Автомобиль жолдарының пайдалану күйін бағалауды комиссия жүргізеді.

Комиссия төрағасы болып Ұлттық Оператордың облыстық филиалының бірінші басшысы тағайындалады.

Төраға орынбасары болып автомобиль жолдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның бірінші басшысы тағайындалады.

Комиссияның мүшелері жолдарды пайдалану мен күтуге жауап беретін облыстық кәсіпорындардың өкілдері, сондай-ақ, облыстық ведомстволық зертханалар қызметкерлері, қажет болған жағдайда жол полициясы және санитариялық экологиялық қызметтер өкілдері болып табылады.

4.2 Автомобиль жолдарын пайдалану күйін бағалау жөніндегі жұмыстар құрамына дайындау, далалық және камералық жұмыстар кіреді.

4.3 Дайындық жұмыстарының маңыздылығы комиссияның жұмысы үшін қажетті деректерді жинауда, жолдарды зерттеудің бағыттары мен кезегіне сай комиссия жұмысының жоспар-кестесін дайындауда.

4.4 Тексеру жүргізу үшін мына мәліметтер болуы қажет:

- қызмет көрсетілетін жолдардың карта-сұлбасы (жолдардың санаты мен жамылғы түрлерін көрсетумен);
- автомобиль жолдары туралы жалпы мәліметтер;
- орташа тәуліктік қозғалыс қарқындылығы;
- жайластыру бойынша мәліметтер (қоршаулар, сигналдық қоршаулар, автобус аялдамалары, демалыс алаңдары, жол белгілерінің орналастырылуы);
- су жүргізу құбырларының титулдық тізімі;
- көпірлердің титулдық тізімі, сондай-ақ көпірлер мен ақаулардың болуы туралы жалпы мәліметтер тізімдемесі;
- темір жол өтпелері туралы мәліметтер;

- қызмет көрсетілетін жолдардың күйі туралы алдын ала мәліметтер (ақаулар тізімдемесі);
- орындалған жол жөндеу жұмыстарының өткен байқаудағы титулдық тізімдері (оның ішінде жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру бойынша жұмыстар);
- ісіну қаупі бар орындардың (орналасқан жері мен ұзындығы) болуы туралы деректер (көктемгі мерзімде байқау үшін);
- жол қызметі ғимараттарын орналастыру орындары туралы деректер (қызметтік, өндірістік);
- тікелей жол жағдайлары бойынша және ілеспе жол жағдайлары кезінде болған жол-көлік оқиғалары (ЖКО), қозғалыстағы үзілістер мен шектеулер туралы мәліметтер ;
- қысқы күту жоспарлары (күзгі кезеңде байқау үшін);
- тас материалдарының трасса маңындағы ашық кеніштері, сондай-ақ жол-құрылыс материалдарын шығару бойынша жұмыс істейтін немесе тоқтап қалған кәсіпорындар мен асфальтбетон зауыттары туралы ақпарат.

4.5 Комиссияның жұмыс кестесін құру және жолдарды зерттеу бағытын таңдау кезінде келесі талаптарды сақтаған жөн:

- республикалық маңызы бар жолдар толық зерттелуі тиіс.
  - жол тораптарында зерттелетін жолдардағы біркелкі іріктелген су өткізгіш құбырларының кемінде 70%-ы таңдалып тексерілуі қажет;
  - көпірлердің 100%-ы тексерілген. Егер қызмет көрсетілетін жолдардағы көпірлердің саны 50-ден асса, көпірлер іріктеліп тексеріледі. Бұл жағдайда көпірлердің кемінде 50%-ы тексерілуі керек. Мұнымен қатар көктемгі және күзгі зерттеу кезінде барлық жасанды құрылыстар тексерілуі тиіс;
  - маусымдық қара, табиғи жолдар тек оларда қозғалыс қарастырылған кезде тексеріледі. Егер байқау уақыты көктемгі және күзгі жолдың бұзылу кезеңімен сәйкес келсе, онда қара жолдар тексерілмейді.
  - күрделі жөндеу немесе қайта салу сатысында тұрған телімдер бағалауға жатпайды. Негізгі және айналма жол бойынша автокөліктің өтуін қамтамасыз ету және қозғалысының ұйымдастырылуы тексеріледі (қажетті жол белгілерімен және қоршаулармен жабдықтау, айналма жолдарға шығу құламаларының болуы);

4.6 Далалық жұмыстарға ақаулар тізімдемесінің жүргізілуімен, жолдардың барлық элементтерін тексеру, аспаптарды қолдана отырып, жол жамылғыларының тегістігін өлшеу мен бағалау жатады.

4.7 Камералық жұмыстар акт рәсімдеу арқылы алынған нәтижелерді талдау және жалпыландыруды, автомобиль жолдарын күту сапасының көрсеткіштерін есептеуді өз ішіне алады.

4.8 Дала жұмыстарының материалдарын өңдеу және талдау нәтижелері бойынша мына мазмұнда есеп жасалады:

- кешендік көрсеткішті есептеуге арналған бастапқы деректер тізімдемесі (А қосымшасы);
- қауіпті ақаулардың болуы туралы анықтама (Б қосымшасы);
- қатты жамылғысы бар жолдардағы жүру бөлігі мен жер төсемесінің күйі туралы анықтама (В қосымшасы);
- жол жамылғысының тегістігі туралы анықтама (Г қосымшасы);
- жолдарды пайдалану күйінің деңгейін бағалау актісі (Д қосымшасы);
- жөндеуді қажет ететін автомобиль жолдары телімдерінің тізімдемесі.

4.9 Есеп Автомобиль жолдары комитетіне және Тапсырыс берушіге беріледі.

4.10 Аталған материалдардан бөлек берілуге тиіс құжаттар:

- құбырлар мен кіші көпірлерді тексеру тізімдемесі (Е қосымшасы);
- жол сервисі нысандары туралы ақпарат (Ж қосымшасы);
  - жол торабының жайластыру және жабдықтау элементтерімен қамтамасыз етілгендігі туралы анықтама (И қосымшасы);
  - ЖКО туралы мәліметтер;
    - қозғалыстағы үзілістер мен жолдарды пайдалану ережелерінің бұзылуы (К қосымшасы);
    - күрделі жөндеуді талап ететін көпірлер тізбесі (Л қосымшасы)
    - қысқы жағдайларда жұмысқа дайындау туралы анықтама (М қосымшасы);
    - "тар орындарды" жою жоспарын орындау туралы анықтама (Н қосымшасы);
      - жамылғылары қатты бұзылу сатысында тұрған жол телімдерінің тізбесі (П қосымшасы);

Көктемде және күзде жүргізілетін дала жұмыстарының басталу мерзімдері климаттық жағдайларға, ақпараттың берілу мерзіміне, жолдарды зерттеу бойынша бригадалардың саны мен мөлшеріне қарай комиссиямен дербес белгіленеді.

4.11 Көктемгі және күзгі тексеру, сондай-ақ облыстар бойынша барлық жоғарыда аталған ақпараттың актілерін беру мерзімдері 1-кестеде белгіленген.

## 1-кесте - Ақпарат беру мерзімдері

Облыстардың атауы	Зерттеу нәтижелері бойынша ақпарат беру мерзімдері	
	Көктем	Күз
Алматы, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан	01.05.	01.11.
Атырау, Қызылорда, Маңғыстау	01.05.	01.11.
Ақмола, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан	01.06.	01.11.

4.12 Ақаулар тізбесі 3 жыл бойы, актілер барлық қосымшаларымен бірге 5 жыл бойы сақталады.

4.13 Автомобиль жолдарын пайдалану күйінің көктемгі деңгейін бағалау нәтижелері бойынша, облыстық кәсіпорындар Автомобиль жолдары комитетіне ағымдағы жылғы жөндеу жұмыстарының титулдық тізімдерін түзету жөнінде ұсыныстар береді. Күзгі зерттеу нәтижелері бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстары нысандарын келесі жылғы титулдық тізімге енгізу жөнінде ұсыныстар береді.

4.14 Көктемгі-күзгі зерттеу нәтижелері жол-жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражатты пайдалану тиімділігі бойынша әрі қарай талдау үшін жолдардың күйі туралы деректерді жол активтерін басқару жүйесінің (ЖАБЖ) базасына енгізу үшін бастапқы материал болып табылады.

## **5 Дала жұмыстарын орындау әдістемесі**

5.1 Жолдардың күйін зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізу үшін тоғыз құрылымдық элемент бөлінген, (Р.1-кесте), оның әрқайсысына бақыланатын өз параметрлері белгіленеді және әрбір параметрге сәйкес ақаулар тізбесі анықталады (кесте Р.2-Р.4).

5.2 Жүру бөлігінің, жер төсемесінің тексерісі шақырымдық бағаналарға қоса жүргізіледі. Ақаулардың сыныптамасы мен сипаттамасы С қосымшасында келтірілген.

5.3 Жолдарды тексеру кезінде жүру бөлігі, жер төсемесі, жол жағдайы және жасанды құрылыстар бойынша қауіпті ақаулар ақаулардың тізімдемесінде бөлек тіркеледі. Қауіпті ақаулардың тізбесі В қосымшасында келтірілген.

5.4 Жол құрылғылары, көпірлер, құбырлар, жол қызметі кешендерінің ғимараттары сияқты сызықты емес элементтерді тексеру әрбір нысан бойынша бөлек жүргізіледі. Мұнда тиісті параметр бойынша ақаулар табылған жағдайда құрылыс ақау болып есептеледі. Бұл құрылыстың орналасқан жері ақаулардың тізімдемесінде тіркеледі. Жолдың осы шақырымында бірнеше ақаулы құрылыстар болса, олардың әрқайсысы бөлек тіркеледі. Егер ақау табылмаса, тексерілетін нысан бәрібір жол қызметінің көпірлерін, құбырларын және кешендерін тексеру тізімдемесіне енгізіледі.

5.5 Егер онда ақаулар болмаса жол шақырымы немесе құрылыс ақаусыз деп саналады. Мұнымен қатар бірлі-жарым, елеусіз немесе жаңадан қалыптаса бастаған, қазіргі кезде оларды жою бойынша жөндеу шараларын жүргізуді талап етпейтін және қозғалыс қауіпсіздігі мен жылдамдығына, жолдың және оның құрылысының сақталуына әсер етпейтін ақаулар ескерілмейді.

5.6 Бөлу жолағы бар жолдар әрбір қозғалыс бағытында жеке тексеріледі.

5.7 Егер тексеру нәтижелері бойынша көпірдің күйі қанағаттанарлықсыз болса, бірақ көлік құралдарының көпірмен өтуін регламенттейтін қажетті белгілер орнатылса, қауіпті ақаулар болмай (Т қосымшасы) және оны күту бойынша барлық шаралар орындалса, онда көпір ақаусыз деп есептеледі.

5.8 Жолдардың тексерісі аяқталғаннан кейін мыналар есептелінуі қажет:

- әрбір тексерілетін параметр бойынша, қажеттілігіне қарай берік және әлсіз төсемелері бар түрлі жамылғыдағы жолдар бойынша ақаулы шақырымдардың немесе құрылыстардың жиынтық саны. Бұл мәліметтер нысанға енгізіледі. (А қосымшасы);

- қауіпті ақаулары бар шақырымдар мен құрылыстардың соммасы В қосымшасына енгізіледі;

- түрлі типтегі жамылғысы бар жолдар үшін жүру бөлігі мен жер төсемесіндегі ақаулар В қосымшасына енгізіледі.

5.9 Тегістігін бағалау бойынша мәліметтер Г қосымшасының нысанына енгізіледі.

5.10 Көпірдің тексерісі элемент бойынша жоғарыдан төмен қарай жүргізіледі. Ақауларды жазу нысаны Е.3. кестесінде келтірілген. Ескерілетін ақаулар тізбесі және олардың коды сол кестеде келтірілген. Тиісті бағандардағы ақаулар ақаудың коды түрінде жазылады.

5.11 Жүру бөлігінің күйін тексеретін басқа да әдістер бар. Олар еуропа елдерінде қолданылады. Мұндай әдістердің бірі - "Жамылғы Күйінің Индексі" (PCI). Бұл әдістің қысқаша сипаттамасы У ақпараттық қосымшасында келтірілген.

## **6 Жолдарды күту сапасы көрсеткіштерінің есебі**

6.1 Бағаланатын жолдардың күту сапасының кешенді көрсеткішінің есебі мынадай тәртіппен жүргізіледі:

6.1.1 Әрбір бақыланатын параметр бойынша ақаусыздық көрсеткіштері әрбір сындарлы элемент үшін мына формуламен айқындалады:

$$, \quad (1)$$

бұл жерде  $B_i$  -  $i$  параметрі үшін ақаусыздық көрсеткіші, %;

$Нобщ.i$  -  $i$  параметріне сәйкес тексерілетін шақырымдардың немесе құрылыстардың жалпы саны, шқ (дана);

$Ндеф.i$  – осы параметр бойынша ақауы бар шақырымдардың немесе құрылыстардың саны (ақаулар тізімдемесіне сәйкес), шқ (дана.).

Мысалы, "Жүру бөлігі" құрылымдық элементі бойынша "Сызаттардың болмауы" параметрі бақыланды, мұнымен қатар асфальтбетон жамылғысы бар тексерілген жолдардың  $Нобщ=272$  шқ жалпы ұзындығы 22 шқ-ға құйылмаған сызаттар белгіленді, яғни  $Ндеф=22$  шқ осы параметр бойынша ақаулы деп танылды. Формулаға сәйкес (1) бұл параметр бойынша ақаусыздық көрсеткіші мынаған тең болады:

6.1.2 Ақаусыздық көрсеткіштерінің алынған мәндері негізінде әрбір құрылымдық элемент үшін күту сапасының коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$, \quad (2)$$

бұл жерде  $K_i$  - жолдың  $i$ - элементі үшін сапа коэффициенті, %;



$B_1, B_2 \dots B_n$  – формула бойынша есептелген (1) осы құрылымдық элемент үшін бақыланатын параметрлер бойынша ақаусыздық көрсеткіштері, %;

$a_1, a_2 \dots a_n$  - тиісті жыл маусымы үшін мәндері А.2 кестесінде келтірілген параметрлердің салмақтылық коэффициенттері;

$n$  - осы қарау кезіндегі осы элемент үшін іс жүзінде тексерілетін параметрлердің саны.

"К" мәні негізгі параметрдің ақаусыздық көрсеткіші мәнінен жоғары бола алмайды (оның салмақтылық коэффициенті 1-ге тең).

Мысалы: "Жер төсемесі" құрылымдық элементі бойынша параметрлердің ақаусыздық көрсеткіштері мен салмақтылық коэффициенттерінің мынадай мәндері алынды (Д қосымшасы):

- Жол жиектері мен еңістердің жарамдылығы:  $B_{6.1.} = 85,85$ ;  $a_{6.1.} = 1,0$

Су бұрғыш құрылыстардың жарамдылығы:  $B_{6.2.} = 98,47$ ;  $a_{6.2.} = 0,8$ .

- Жол жиегі мен бөлу жолағының, еңістер мен қорлардың тазалығы,

$B_{6.3.} = 92,8$ ;  $a_{6.3.} = 0,2$ . Формула (2) бойынша аламыз:

" $K_2$ " мәні  $B_{6.1.}(91,6 > 85,85)$  мәнінен үлкен болғандықтан, әрі қарай есепеулер үшін  $K_2 = B_{6.1.} = 85,85\%$  қабылдаймыз.

6.1.3 Бағаланатын жолдарда түрлі типтегі жамылғылар бар болса, әрбір типтегі жамылғыны күту коэффициенті мына формула бойынша жеке есептеледі (2), ал жүру бөлігін күту коэффициенті ( $K_1$ ) тұтастай алғанда, жамылғының әрбір типтегі жол телімдерінің ұзындығын ескере отырып, орташа алынған шамасы ретінде анықталады:

(3)

бұл жерде  $K_ч, K_щ, K_{гр.}$  – кара жамылғысы, шағыл тас (қиыршық тас) жамылғысы бар жол телімдері, кара жолдар және т.б. сәйкес жүру бөлігін күту сапасының коэффициенті;

$L_ч, L_щ, L_{гр.}$  – түрлі жамылғысы бар жол телімдерінің ұзындығы, шқ.

6.1.4 Алынған мәндерінің негізінде барлық элементтер үшін "P" жолдарды күту сапасының кешенді көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі:

, (4)

бұл жерде  $K_1, K_2, \dots K_n$  - (2) және (3),% формулалары бойынша есептелген жолдардың құрылымды элементтерін күту сапасының коэффициенті.

$b_1, b_2, \dots b_n$  - жолдардың құрылымды элементінің салмақтылық коэффициенттері А .1. кестесінде келтірілген;

$n$  - осы қарау кезіндегі іс жүзінде тексерілетін элементтердің саны.

"P" мәні жүру бөлігінің (K1), жер төсемесінің (K2), жол жағдайының (K3), жасанды құрылыстардың (K6) күту сапасының коэффициенттерінің бірінің ең төменгі мәнінен жоғары қабылдана алмайды. Жүру бөлігі, жер төсемесі, жол жағдайы, жасанды құрылыстар бойынша көрсеткіштердің орташа өлшенген мәні ретінде қолданылады.

Мысалы:  $K_1=69,90$ ;  $b_1=1,0$ ;  $K_2=85,85$ ;  $b_2=0,7$ ;  $K_3=84,10$ ;  $b_3=0,93$ ;  $K_4=87,61$ ;  $b_4=0,3$ ;  $K_5=76,67$ ;  $b_5=0,8$ ;  $K_6=96,00$ ;  $b_6=0,7$ ;  $K_7=82,35$ ;  $b_7=0,7$ ;  $K_8=96,00$ ;  $b_8=0,3$ .

Формула (4) бойынша алатынымыз  $P=82,81$ . Бірақ "P"  $K_1$ -ден үлкен болғандықтан ( $82,81 > 69,90$ ) бұдан әрі есептеу үшін  $P=69,90$  мәнін аламыз.

6.2 Қауіпті ақаулары бар шақырымдар мен құрылыстардың салыстырмалы саны келесі тәртіпте есептеледі:

6.2.1 Қауіпті ақаулары бар шақырымдардың салыстырмалы саны бөлек айқындалады: жүру бөлігі бойынша (Жб.б.), жер төсемесі бойынша (Жт.б.), жол жағдайы бойынша (Жж.б.) мына формуламен:

(5)

бұл жерде  $N_{оп}$  - жолдың осы і-элементі бойынша қауіпті ақаулар анықталған шақырымдар саны, шқ;

Нобщ – жолдың осы і-элементі бойынша тексерілген шақырымдарының жалпы саны, шқ.

6.2.2 Қауіпті ақаулары бар жасанды құрылыстардың салыстырмалы саны (5) формула бойынша айқындалады, бұл жағдайда ондағы Нобщ – қауіпті ақаулар анықталған жасанды құрылыстардың саны (бірге – көпірлер мен құбырлар), дана; Нобщ – тексерілген жасанды құрылыстардың жалпы саны (көпірлер мен құбырлар), дана.

6.2.3 Алынған "Pi" мәні негізінде қауіпті ақаулар бар шақырымдар мен құрылыстардың салыстырмалы жиынтық саны есептеледі:

$$P = P_{пр.ч.} + P_{з.п.} + P_{о.п.} + P_{и.с.}, (\%) \quad (6)$$

6.2.4 Тегіс жамылғысы бар жолдардың салыстырмалы ұзындығы мына формула бойынша есептеледі:

(7)

бұл жерде  $L_{общ}$  - тегістікті бағалау жұмыстары жүргізілген жолдардың жалпы ұзындығы, шқ;

$L_{неуд}$  – жамылғылардың тегістігі "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған жол телімдерінің ұзындығы (шқ саны);

$S_i$  жолдардың салыстырмалы ұзындығы бір мезгілде жамылғының тегістігін (Sотл), жақсы (Sхор), қанағаттанарлық (Sуд) және қанағаттанарлықсыз (Sнеуд) деп бағалау арқылы мына формула бойынша айқындалады

(8)

бұл жерде  $S_i$  - тиісті бағамен (өте жақсы, жақсы, қанағат., қанағатсыз.) бағаланған шақырымның салыстырмалы саны;

$L_i$  – жамылғының тегістігі тиісті бағамен (өте жақсы, жақсы, қанағат., қанағатсыз.) бағаланған телімдердің ұзындығы (шқ саны).

Есептеулер нәтижелері И қосымшасының нысаны бойынша анықтамаға енгізіледі.

6.3 Жолдарды күту сапасының барлық көрсеткіштерінің есебі 0.01% дейінгі дәлдікпен жүргізіледі.

## А қ о с ы м ш а с ы

(міндетті)

### Республикалық маңызы бар жолдар бойынша кешенді көрсеткішті есептеуге арналған бастапқы деректер тізімдемесі \_\_\_\_\_ филиалы бойынша жолдарды күту сапасы 20\_\_ жылғы жағдай бойынша (толтыру үлгісімен)

Р.2 - кестенің параметр №	Тексерілетін және бағаланатын жол элементтерінің атауы	Өлшем бірлігі	Салмақтық парам. коэф. (Р.2 кестесі бойынша)	Тексерілген құрылыстар мен шақырымдардың жалпы саны	Олардың ішінде күту ақауларымен	"Б" параметрінің ақаусыздығының көрсеткіштері
1	2	3	4	5	6	7
<b>Жүру бөлігі</b>						
<i>а) жетілдірілген типтегі қара жамылғы</i>						
1	Жамылғының жарамдылығы	шқ	1,0	2217	642	71
1.2	Жамылғыда сызат-тардың жоқтығы (а/б жамылғылары үшін)	шқ	0,3	272	22	91,9
<i>б) шағыл тасты және қиыршық тасты жамылғы</i>						
3.1	Жамылғының жарамдылығы	шқ	1,0	104	44	57,7
<i>в) қара жолдар</i>						
5.1	Жүру бөлігінің жарамдылығы	шқ	1,0	25	20	20
<b>Жер төсемесі, су бұрғыш</b>						

6.1	Жиектер мен құламалардың жарамдылығы	шқ	1,0	2346	332	85,8
6.2	Жиектер мен құлама-лардың тазалығы	шқ	0,3	2346	167	92,9
6.3	Су бұрғыш құрылыстарының жарамдылығы мен тазалығы	шқ	0,3	2346	36	98,4
Жол жағдайлары						
7.1	Жолдардың белгілермен, қоршаулармен, бағандармен қамтамасыз етілуі	шқ	1,0	2346	174	92,6
7.2	Белгілердің, қоршау-лардың, бағандардың жарамдылығы	шқ	0,4	2346	349	85,1
7.3	Белгілерді, қоршауларды, бағандарды орнатудың дұрыстығы	шқ	0,1	2346	5	99,8
7.4	Жүру бөлігінің таңбалармен қамтамасыз етілуі (жетілдірілген жамылғылар үшін)	шқ	0,2	2217	1500	32,3
Жол құрылғылары						
8.1	Автобус аялдамаларының жарамдылығы мен тазалығы	дана	1,0	89	41	53,9
8.2	Автомобильдерге арналған тұрақтар мен аялдамалар алаңдарының жарамдылығы мен тазалығы	дана	0,6	37	8	78,4
Көпірлер мен өтпелер						
9	Көпірлер мен өтпелер	дана	1	4	3	25
Құбырлар						
10	Құбырлар және шағын көпірлер <12 м	дана	0,4	6	4	33,3
Жол қызметінің кешендері						
11.1	Ғимараттардың жарамдылығы	дана	1,0	17	3	82,3

11.2	Инженерлік жабдықтардың жарамдылығы	дана	1,0	17	5	70,6
------	-------------------------------------	------	-----	----	---	------

Комиссия мүшелерінің қолдары:

## Б қ о с ы м ш а с ы

(міндетті)

**Қозғалысқа немесе жолдардың сақталуы мен құрылыстарына қауіп төндіретін ақаулардың бар екендігі туралы анықтама**

**20 \_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша**

**(толтыру үлгісімен)**

Жолдың титулы. Әкімшілік маңыздылығы. Жамылғының типі. Тексерілетін жолдардың ұзындығы	С а н ы						Қауіпті ақаулары бар жасанды құрылы			
	жүру бөлігі		жер төсемесі		жол жағдайы		құбырлар		көпірлер	
	барлығы	Оның ішінде ақаудың соңғы тексеруден уақыт өте келе жойылмауы	барлығы	Оның ішінде ақаудың соңғы тексеруден уақыт өте келе жойылмауы	барлығы	Оның ішінде ақаудың соңғы тексеруден уақыт өте келе жойылмауы	барлығы	Оның ішінде ақаудың соңғы тексеруден уақыт өте келе жойылмауы	барлығы	Оның ішінде ақаудың соңғы тексеруден уақыт өте келе жойылмауы
Республикалық маңызы бар жолдар										
Жол А-Б а/б, 100 шк	2	-	3	1	1	-	-	-	-	-
Жол Б-С а/б, 130 шк	1	-	2	-	-	-	2	-	1	-
<b>Барлығы:</b>	<b>9</b>	<b>-</b>	<b>10</b>	<b>1</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>3</b>	<b>-</b>	<b>2</b>	<b>-</b>
Кешенді көрсеткіштің мөлшерін анықтау кезінде ескерілетін шақырым мен құрылыс саны	9		11		4		3		2	
Тексерілген шақырым және құрылыстардың жалпы санынан % (Е.2 қараңыз)	0,5		0,6		0,2					
Кешенді көрсеткіштің төмендеу шамасы (DP)	Элементтер бойынша қауіпті ақаулардың мекен-жайы сәйкес келме $DP = 0.5 + 0.6 + 0.2 + 0.3 = 1,60\%$									

## В қосымшасы

(міндетті)

### Қатты жамылғысы бар жолдардағы жүру бөлігі мен жер төсемесінің күйі туралы анықтама

20 \_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша

Тексерілген жолдардың жалпы ұзындығы, шқ	Жарамды жүру бөлігі бар шақырымдар саны	Жүру бөлігі бойынша ақаулары бар күту шақырымдарының саны				Жарамды жер төсемелері бар шақырымдар саны	Жер төсемесін күту бойынша ақаулар бар шқ саны		
		Жарамсыз жамылғы	А / б жамылғысындағы сызаттар	Уақытылы орындалмаған қартазарту және тайғаққа қарсы іс-шаралар	Қауіпті ақаулар		Жарамсыз жол жиектері мен құламалар	Қауіпті ақаулар	Тазаланбау бұрқұрылыс
Жетілдірілген жамылғылары бар республикалық маңыздағы жолдар									
Өтпелі жамылғылармен:									
Барлығы:									
Жетілдірілген жамылғылары бар жергілікті маңыздағы жолдар									
Өтпелі жамылғылармен:									
Барлығы:									
Филиал бойынша барлық жолдар									
Жетілдірілген жамылғылармен:									
Өтпелі жамылғылармен:									

Комиссия төрағасы:

Мүшелер:

## Г қосымшасы

(міндетті)

### Жол жамылғыларының тегістігін бағалау туралы анықтама

20 \_\_\_\_ жылғы жағдай бойынша

	Жамылғы тегістігі бойынша бағаланды	
--	-------------------------------------	--

Әкімшілік маңыздылығы бар жолдар. Жамылғы типі	Тексерілген жолдардың ұзындығы, шқ	өте жақсы		жақсы		қанағаттанарлық		қанағаттанарлықсыз		Тегіс жамылғысы бар жолдардың салыстырмалы ұзындығы
		шқ	%	шқ	%	шқ	%	шқ	%	
Республикалық маңызы бар жолдар										
- күрделі жамылғысы бар										
- жеңіл жамылғысы бар										
- өтпелі жамылғысы бар										
Республикалық маңызы бар жолдар бойынша барлығы										
Жергілікті маңызы бар жолдар										
- күрделі жамылғысы бар										
- жеңіл жамылғысы бар										
- өтпелі жамылғысы бар										
Жергілікті маңызы бар жолдар бойынша барлығы										
Жолдар бойынша барлығы										

Комиссия төрағасы:

Мүшелер:

Д Қ О С Ы М Ш А С Ы

(міндетті)

## Автомобиль жолдарын күту сапасын тексеру АКТІСІ

\_\_\_\_\_ ұйымның атауы

20\_\_ ж., \_\_\_\_\_ тоқсан

Комиссия құрамында:

Төраға \_\_\_\_\_

мүшелер \_\_\_\_\_

автомобиль жолдарын күту сапасын тексерді,

қызмет көрсетілетін \_\_\_\_\_

ұйымның атауы

1. Қызмет көрсетілетін республикалық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығынан \_\_\_\_\_ шақырым тексеруден өтті \_\_\_\_\_ шақырым немесе \_\_\_\_\_ %.

Тексеруден өткен жолдардың нәтижелері Ақтiң қосымшаларында көрсетiлген.

2. Тексеру барысында \_\_\_\_\_ шақырым қайта салынып немесе күрделі жөндеуден өтiп жатты, олардың iшiнде \_\_\_\_\_ шақырым автокөліктің жүруі мен қозғалыс қауіпсіздігін қанағаттанарлық қамтамасыз етпеген .

3. Тексеру нәтижелері бойынша жолдар элементтерінің күту сапасының мынадай коэффициенттері белгіленген.:

Республикалық маңызы бар

қара жамылғы (Кч) %

шағыл тасты (қиыршықтасты) жамылғы (Кщ) %

қара жолдар (Кгр) %

жүру бөлігінің барлығы (К 1) %

жер төсемесі (К2) %

жол жағдайы (К3) %

жол құрылығылары (К4) %

көпірлер (К5) %

құбырлар (К6) %

жол қызметі кешендері (К7) %

көгалдандыру (К8) %

қардан қорғау құрылығылары (К9) %

4. Жолды күту сапасының кешенді көрсеткіші:

Республикалық жолдар бойынша

төмендетпей (Р) %

қауіпті ақаулар үшін азайту

шамасы (Р) %

ЖКО үшін төмендету шамасы (Ржко) %

үзілістер үшін төмендету шамасы %

қозғалыс (Р бір..қозғ.)

үшін төмендету шамасы %

ұйымдастырушылық кемшіліктері (Р ұйым.кемш.)

кешенді көрсеткіштердің жиынтық

шамасы (Р о) %





**Е қосымшасының жалғасы**

**Е.2 - кесте – Жер төсемесінің далалық тізімдемесі**

**Автомобиль жолы тексеру күні \_\_\_\_\_**

Мекен-жайы, шқ+		Жер төсемесі						Еңістер		Кювет	
Басталуы	Соңы	промоины	Шөгүлер	Жол бетінің бұзылуы	көшкіндер	орнатылуы	Байланыстардың орайласуы	жыралар	көшкіндер	с у шайған жерлер	лайла
		м <sup>2</sup>	м <sup>2</sup>	м	м <sup>3</sup>	м	м	м <sup>2</sup>	м <sup>3</sup>	м	м
Барлығы:											

**Е қосымшасының жалғасы**

**Е.3 - кесте - Көпірлер мен жол өтпелерін тексеру тізімдемесінің нысаны (толтыру үлгісімен)**

Автомобиль жолының атауы								
ЖПУ атауы	Көпірдің мекен-жайы, шқ,м	Көпірдің құрылымдық элементтерінің ақау кодтарының тізімі						Жалпы ақаулардың саны
		тазалығы	көпірдің үйіндімен байланыс орнатуы	көпір төсемесі	аралық құрылыстар	тірек	қалыпқа келтіру құрылыстары	көпірлердің саны
ЖПУ -19	432	2 - 1 2-3	6-2	3-1;4-3; 5-2	8-3;8-9; 8-Q	9-5; Q-3	W-2	10
	530	2 - 1 2-3	-	3-2; 4-3	8-3; 8-9	9-5; Q-9	W-1	9
	571,5	2-1	6-2	4-3; 5-2	7-1;8-3;8-4	9-1; 9-5	-	9
	620,3	2-1	-	-	-	-	-	1
Ақаулар мен көпірлердің жиынтық сомасы 30/4								

**Е қосымшасының жалғасы**

**Е.4 - кесте - Құбырлар мен шағын көпірлерді тексеру тізімдемесінің нысаны (толтыру үлгісімен)**

**Автомобиль жолы, қызмет көрсетуші ұйым: "Қостанай – Мамлютка" ЖПБ-20**

Құбырдың мекен-жайы, шқ+м	Құрылмалы элементтер бойынша ақаулардың қысқаша атауы және кодтары								Ақаулар саны	
	Күту ақаулары		Баулықтар мен тіректер		Бөліктер немесе аралық құрылыстар		Шығыс және кіріс арнасы		Жалпы	Қауіптілері
	Код	Атауы	Код	Атауы	Код	Атауы	Код	Атауы		
27	1-2	Құбырлардың лайлануы	2-2	Портал қабырғаларының қирауы			4-1	Арнаның бітелуі	3	2
35	-	-	-	-	3-7	> 3 жарықтар	4-1	Арнаның бітелуі	2	0
42	-	-	2-1 2-2	Белгілердің қирауы	-	-	4-1	Арнаның бітелуі	3	2
105	Ақаулар жоқ									
176	1-2	Лайлану	-	-	3-2	Бөліктердің қирауы	4-2	Арнаның шайылуы	3	2
Ақаулары бар (оның ішінде қауіптілерімен) құбырлардың жиынтық саны: 4									3	

## Е қосымшасының жалғасы

### Е.5 - кесте- Жолдар мен жол құрылғыларының жағдайлары ақауларының тізімдемесінің нысаны (толтыру үлгісі)

Автомобиль жолы, жамылғы типі көрсетілген тексерілген телімдің мекен-жайы: " Алматы-Узын-Ағаш", 0-30 шқ, асфальтбетон

Ақаудың мекен-жайы, шқ+	Жолдың жағдайы									
	жоқ					жарамсыз және дұрыс орнатылмаған			тазаланбаған және боя	
	белгілер	бағыттардың көрсеткіштері	қоршаулар	бағандар	таңба	Белгілер мен көрсеткіштер	қоршаулар	бағандар	белгілер мен көрсеткіштер	қоршаулар
2+150	+		+					+		
8+400		+						+		
12+00										+
27+250				+						

